Бурашов Шоқан Уәлиханұлының «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы 8D04208 – «Құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған докторлық диссертациясына Ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Бурашов Шоқан Уәлиханұлының диссертациялық жұмысы азаматтық, халықаралық және білім беру құқығының тоғысындағы түпнұсқалық әрі ғылыми негізделген зерттеу болып табылады. Автор Қазақстандағы білім беру қызметтерін, тұтынушылар құқықтарын қорғау мәселелерін әлемдік тәжірибені және заманауи құқықтық реттеу тенденцияларын саралап, кешенді түрде зерттеген.

Диссертатциялық жұмыс көпсалалылығымен, ғылыми тереңдігімен және практикалық бағытымен ерекшеленеді. Автор салыстырмалы құқықтану теориясы мен әдіснамасын еркін меңгергенін, БҰҰ, ЭЫДҰ, ЕО директивалары сияқты халықаралық құқықтық актілерді және шетелдік сот тәжірибесін кәсіби деңгейде қолдана алатынын көрсетеді.
Зерттеудің жаңашылдығы Қазақстанда және әлемде білім беру қызметтерін тұтынушылар құқықтарын қорғау нормаларының эволюциясы мен құқық қолданылуын теориялық және практикалық тұрғыда кешенді талдаудан көрінеді.Зерттеулерде шетелдік мемлекеттердің тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша ауқымды зерттеулер жүргізген, тарихи-салыстырмалы әдістерді қолданған.

Қазақстанның ғылыми әдебиетінде алғаш рет:

- тұтынушылар құқықтарын қорғаудың бес деңгейлі жүйесі (жеке, кәсіпкерлік, қоғамдық, мемлекеттік және халықаралық деңгейлер) тұжырымдамасы ұсынылған;
- халықаралық және өңірлік нормалардың (БҰҰ ТТҚҚН, ЕО директивалары, ЭЫДҰ актілері) ұлттық заңнаманы жаңғыртуға әсері көрсетілген;
- тиімді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан мен ЕАЭО заңнамасын еуропалық құқықпен үйлестіру қажеттілігі негізделген;
- білім беру дауларында ұжымдық талап қою және медиация институттарын енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленген;
- мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың цифрлық құралдарының (E-Tutynushy, ЖОО-лардың цифрлық есептілігі, тұтынушыларды онлайн-ағарту) рөлі дәлелденген;
- АҚШ, Түркия, Жапония, Индонезия және ЕО елдерінің тұтынушыларды қорғау модельдері терең салыстырмалы талдаудан өтіп, Қазақстанда бейімдеуге болатын тетіктер анықталған.

Барлық тұжырымдар мен қорытындылар нормативтік құқықтық актілерді, сот шешімдерін, халықаралық ұйымдардың есептерін және салыстырмалы зерттеулер нәтижелерін авторлық талдауға негізделген.

Диссертация азаматтық және білім беру құқығы ғылымының дамуына елеулі үлес қосады. Автор білім беру қызметтерін тұтынушылар құқықтарын қорғау жүйесін институционалдық және функционалдық тұрғыдан жаңғырту қажеттілігін негіздеп, осы саладағы әрі қарайғы зерттеулер үшін әдіснамалық алғышарттар қалыптастырған. Жұмыстың практикалық құндылығы заңнаманы жетілдіруге, құқық қолданудың тиімділігін арттыруға және білім беру қызметтерінің сапасын қоғамдық бақылау тетіктерін дамытуға бағытталған ұсыныстардан көрінеді.

Автордың ұсынымдары:

- «Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы» заңның жаңа редакциясын әзірлеуде;
- білім алушылардың құқықтарын қорғау бойынша сот практикасын жетілдіруде;
- Ғылым және жоғары білім министрлігінің, аккредиттеу және лицензиялау органдарының қызметінде;
- адал білім беру практикаларының стандарттарын қалыптастыруда;
- білім беру және халықаралық құқық бойынша оқу курстарында қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері халықаралық деңгейдегі ғылыми басылымдарда (Public Integrity, Scopus, Q1), ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ұсынған журналдарда және шетелдік ғылыми конференцияларда апробациядан өткен.

Жұмыстың практикалық маңызы тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі мемлекеттік стратегияларды әзірлеуде, цифрлық мониторинг және қоғамдық бақылау тетіктерін енгізуде, сондай-ақ білім беру қызметінде қолдану мүмкіндігінде көрінеді. Сонымен қатар Қазақстандағы білім беру саласы бойынша, тұтынушылардың құқығын қорғау туралы мәселелерді шешуге оң ықпал етеді.

Жұмыс логикалық тұрғыдан жүйелі, теориялық жағынан жоғары деңгейде негізделген және автордың дербес ғылыми қорытындыларымен ерекшеленеді.

Диссертация халықаралық академиялық стандарттарға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.

Осы ұсыныс негізінде, 8D04208 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Бурашов Шоқан Уәлиханұлының «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнаманы қолданудың құқықтық мәселелері» атты диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:
Түркия Республикасы,
Стамбул университеті, PhD,профессор **Фетхи Гидикли**

«31» 12 2025 ж.

Prof. Dr. Fethi GEDİKLİ
Dekan